

*Н. Жаналиев, 2-курс*

*Ғылыми жетекшісі: М. Б. Аралбаева*

*(Қазақстан Республикасы Қаржы полиция академиясы)*

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ КЕЙБІР ШАРАЛАРЫ**

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев өзінің «Қазақстан — 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деп аталатын Жолдауында сыбайлас жемқорлықпен аяусыз күресті басты мақсаттар қатарына қойып отыр, оны құқықтық мемлекет орнатудың шарты деп санайды. Қазақстан — 2050 Стратегиясында

Н. Назарбаев: «Мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күрестің бір күші болуға тиіс. Жемқорлық — жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады. Біз түпкі мақсатымыз — жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатты күшейтуіміз керек», — дейді<sup>1</sup>.

Сыбайлас жемқорлық ұлттық шекаралардың шеңберінен шығып кетеді, сондықтан онымен күрес глобалдық ауқымда жүргізуді қажет етеді. Ол заңның, демократия мен адам құқықтарының үстемдігіне қатер төндіреді, қоғамның моральдік тіректерін, билікке деген сенімді, мемлекеттік басқару, теңдік пен әлеуметтік әділеттілік қағидаттарын қиратады, бәсекеге бөгет жасайды, экономикалық дамуды қиындатады.

Ең алдымен «сыбайлас жемқорлық» сөзінің мағынасына тоқталсақ, 1998 жылғы 2-шілдеде қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 2-бабына сәйкес, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады<sup>2</sup>.

Қазіргі таңда елімізде ұлттық заңнаманың халықаралық заң стандартына жақындауына көптеген жағдайлар жасалуда. Осыған орай сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру шаралары жоспарға сәйкес жүргізілуде.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күресті реттейтін негізгі құқықтық актілер қатарына мыналар жатады: 1998 жылғы 2 шілдеде қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының заңы, Сыбайлас жемқорлықпен күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 23 желтоқсанындағы №1686 жарлығымен бекітілген), 2011-2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №308 қаулысымен бекітілген), Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті Жарлықтары.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың саны бойынша мемлекеттік құрылымдарда — әкімдіктер, ішкі істер және ауыл шаруашылығы министрліктері, ал өңірлердің ішінде Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстары көзге түседі.

Әкімшілік қызметкерлердің тарапынан көптеген паракорлық қылмыстар тіркелеген соң, көптеген құзыретті органдардың құқықтары, өкілеттіктері жаңа технологиялармен қамтамасыз етілген және қолданатын Халыққа қызмет көрсету орталықтарына жүктелді. Бұл әкімшіліктер арасындағы сыбайлас жемқорлықты азайтуы тиіс еді. Өз кезегінде нәтиже керісінше болды. Халыққа қызмет көрсету орталығы сыбайлас жемқорлықты азайтпай керісінше ұлғайтты.

Қазіргі кезде Қазақстанда Халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерлері орташа есеппен 80-100 мың теңге жалақы алады (АҚШ-та 440-560 доллар немесе 365-455 евро). Швеция, Дания, Нидерландыда ұқсас қызметкерлердің орташа айлық көрсеткіші айына 1800-2700 евро, Швейцарияда айына 2700-3500 евро, біздің мемлекет қызметшілерінің жалақысын салыстырғанда айлық көрсеткішінің айырмашылығы 7-8 есе десек болады<sup>3</sup>.

Осыған орай, мемлекеттік қызметкерлерде жалақы мөлшерінің төмен болуына байланысты, кез-келген сыбайлас жемқорлықпен күресу бағдарламалары, тәсілдерінің тиімділігі болмайды деп ойлаймыз.

Мемлекеттік қызметшілер еңбегіне жалақы төлеудің екі түрін (карьералық және позиционды) талдай келе, көптеген мемлекеттерде қолайлы екені байқалады. Егер мансапты жүйеде қызметтақыны заң белгілейтін болса, ал позициялы жүйеде — қызметтақы төлеуде мемлекеттік органға бөлінген бюджеттік қаражатқа қарай еңбекақыны ведомствалардың өздері белгілейді. Мысалы, Швецияда бүгінгі күні мемлекеттік қызметкерлерінің 90 пайызы жеке еңбек ақысы бар. Еңбекке ақы төлеудің позициялы жүйесінің мақсаты келесідей: егер жұмыстың нәтижесі ойдағыдай орындалса, оған сәйкесінше жақсы жалақы төленеді, бұл

орайда қызметтік лауазымына тиесінше емес, тұлғаның орындаған жұмысының нәтижесіне қарай төлеу болып табылады.

Жоғарыда айтылған көзқарастарға байланысты Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге еңбекке ақы төлеудің карьералық жүйесінен, әлденеше икемді позициялы жүйесіне көшу біздің халқымызға жоғары дәрежеде тиімділігін тигізеді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен күресу деңгейін көтеру мемлекеттік қызметтердің еңбек сапасын арттыру болып табылады. Егер Евро одақ елдерінде азаматтарға мемлекеттік қызмет көрсетуге 40 минут уақыты кетсе, Сингапурда 15-20 минут кетеді екен, ал Қазақстанда бұл қызмет түрлерін көрсетуге 2,5 сағаттан 2,5 күнге дейін уақыт кетеді<sup>4</sup>.

Осыған байланысты Қазақстанда Халыққа қызмет көрсету орталығы ұсынып отырған қызмет түрлерін әрі қарай жетілдіру қажет екендігін көріп отырмыз.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын, нигилизмді жоятын, құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Азаматтық қоғамның барлық институттарының күш-жігерін біріктіру, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың халықаралық тәжірибесі мен барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Жоғарыда аталған іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында 2014 жылы қаңтар айында «Жаңару» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» Республикалық қоғамдық бірлестігі құрылды. «Жаңару» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысының мақсаты Елбасы, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың жемқорлыққа қарсы саясатын жылжытып, жүзеге асыру үшін қоғамның, билік пен бизнестің бірлескен әрекеттерін кеңейту, жандандыру және тиімділігін арттыру болып табылады<sup>5</sup>.

Қорыта келе өз тарапымыздан келесідей ұсыныстар қоса аламыз:

Мемлекеттік қызметшілердің жалақысын көбейту, жалақы деңгейін жеке кәсіпкерлік саласындағы жалақылармен теңестіру;

Халыққа идеологиялық әсер ету, (мектептерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тренингтер және сабақтар өткізу);

Қазіргі таңдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарды қайта қарау, толықтыру;

Жаңа технологияларға көшу.

<sup>1</sup> Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына жолдауы. Астана Ақорда, 2012 жыл. // Егемен Қазақстан. 15 желтоқсан. 2012. 8-6.

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңы. — Алматы, 2010. 3-б.

<sup>3</sup> <http://www.stat.gov.kz/>

<sup>4</sup> [www.janaru.kz](http://www.janaru.kz). <http://www.taszhargan.info>

<sup>5</sup> Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. Жаңартылған Қазақстан Республикасының № 167 Кодексі. 16 шілде. 1997.